

**Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану жөніндегі 2005-2008 жылдарға арналған бағдарлама туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 3 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 117 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану жөніндегі 2005-2008 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - **Бағдарлама**) **бекітілсін.**

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 117 Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі жыл сайын 10 қаңтарға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Есімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 5 қаңтардағы  
N 3 қаулысымен

бекітілген

**Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану  
жөніндегі 2005-2008 жылдарға арналған  
БАҒДАРЛАМА**

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 117 Қаулысымен.

## 1. ПАСПОРТ

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 117 Қаулысымен.

Атауы	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану жөніндегі 2005-2008 жылдарға арналған бағдарлама
Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3.1-тармағы, "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысы
Негізгі әзірлеушілер	Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық министрлігі
Мақсаты	Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқа да іс-шаралар кешенінде нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру, жер ресурстарын қорғау
Міндеттері	Топырақ құнарлылығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, жер жағдайына келеңсіз антропогендік әсерді ж о ю ; ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдаланудың экономикалық тетіктерін жетілдіру;

мемлекеттік жер кадастры мен жер  
мониторингін жүргізудің  
автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің  
инфрақұрылымын құру;  
жерді пайдалану мен қорғауды және жер  
заңнамасының сақталуын мемлекеттік  
бақылауды тиімді жүзеге асыруды  
қамтамасыз ету;  
жер мониторингі желісін дамыту және оның  
деректері негізінде келеңсіз  
процестерді жою жөнінде ұсыныстар  
әзірлеу;  
мониторингті жүргізудің  
автоматтандырылған жүйесін құру;  
ақпарат алудың, жерді зерттеумен  
картографиялаудың жаңа технологиялары  
мен әдістеріне көшу;  
жерді ұтымды пайдалану және қорғау  
жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мен  
жүзеге асыру кезінде  
ландшафтық-экологиялық көзқарасты іске  
асыру;  
жер ресурстарын басқару мен жер  
қатынастарын реттеу саласында  
ғылыми-әдістемелік, нормативтік

қамтамасыз ету

Іске асыру мерзімі 2005-2008 жылдар

Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады. Қаржыландырудың жалпы көлемі 6353108 мың теңге, соның

ішінде:

2005 жылға - 1474669 мың теңге; 2006 жылға - 1905685 мың теңге; 2007 жылға - 1274964 мың теңге, 2008 жылы - 1697790

мың теңге.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру көлемі жергілікті бағдарламаларға сәйкес белгіленеді.

Күтілетін  
нәтижелер

Бағдарламаның іске асырудан күтілетін  
нәтижелер:

мемлекеттік жер кадастры  
автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің  
және жер мониторингінің құрылымы  
қалыптасады және оны жүргізу қамтамасыз  
етіледі;

мыналардың:

ауыл шаруашылығы айналымына енгізілген  
және 44,3 млн. га (40 %) алаңда жер  
мониторингі есебінен шаруашылық  
жүргізуші субъектілерге берілген жер  
ресурстарын ұтымды пайдалану мен  
қорғауды ақпараттық қамтамасыз ету;  
егістіктің 20,7 % алаңында бонитет  
балын анықтау; ауыл шаруашылығы  
алқаптарының тиісінше 1,9 млн. га және  
3,2 млн. га алаңында ірі масштабты  
топырақ және геоботаникалық зерттеулер  
жүргізу;

1,9 млн. га алаңда топырақ материалдарын  
жаңарту;

аэрофотогеодезиялық, дешифрлеу  
жұмыстарының, ауыл шаруашылығы  
мақсатындағы жердің 33,9 % алаңында  
топографиялық және сандық карталар  
жасаудың деңгейі артады;

мыналарға:

шаруа қожалықтарына - 59,9 мың, жер  
учаскелеріне, ауыл шаруашылығы  
ұйымдарына - 9,5 мың ауыл шаруашылығы  
мақсатындағы жер учаскелеріне  
паспорттар жасалады.

мемлекеттік жер кадастры мен жер  
мониторингін жүргізудің, сондай-ақ  
аумақты ландшафты-экологиялық көзқарас  
негізінде ұйымдастырудың, осы жұмыс  
түрлері бойынша әдістемелік және  
нұсқаулық материалдардың ғылыми

негіздері әзірленеді;  
Б ұ л :  
жер ресурстарын басқару мен жер қатынастарын реттеуде экономикалық әдістер мен инновациялық технологияларды құруға;  
жер ресурстары әлеуетін ұтымды пайдалану мен қорғау проблемаларын шешудің жүйелік тәсіліне көшуге;  
жер алқаптарының құрылымын, олардың мелиоративтік жағдайын жақсартуға;  
жерді жылжымайтын мүлік ретінде нарықтық айналымға тарту, жер үшін төленетін төлемдердің бюджетке тұрақты түсуі үшін негіз жасауға, жер нарығын дамытуға;  
жер ресурстарын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.  
Қазақстанның жер қатынастары мен жер ресурстарын басқаруды құқықтық, экономикалық және ғылыми-техникалық камтамасыз етуді жасау жөніндегі халықаралық ынтымақтастығы елеулі түрде дамуы тиіс.

## **2. Кіріспе**

Осы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану жөніндегі бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3.1-тармағына, Қазақстан Республикасының жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен сақтаудың 1994-1995 жылдарға және 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамасын ескере отырып, "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысына сәйкес әзірленді.

Елдің негізгі табиғи байлығы - оның жер ресурстары, оның экономикалық және әлеуметтік игілігінің негізі.

Қазақстан Республикасында саяси және экономикалық құрылысты реформалау процестері жер қатынастарын түбегейлі өзгерту және мемлекеттің тікелей басқаруымен және бақылауымен жер реформасын жүргізу қажеттілігін т у ғ ы з д ы .

Нарықтық экономикаға көшу жерге әр түрлі меншік нысандарын енгізу, жер пайдаланудың ақылы болуын, жердің, оның өндіріс құралы, кеңістіктік базис және шектелген маңызды табиғи ресурс сияқты басты функцияларын сақтай отырып, жылжымайтын мүлік және құқықтық реттеу нысанасы ретінде заң тұрғысынан танудың объективті қажеттілігін туғызады.

Осыған байланысты елдің жер ресурстары әлеуетін тиімді пайдалану мен қорғаудың негізгі стратегиялық бағыттарын белгілеу айрықша өзекті болып отыр .

Бағдарлама мемлекеттің жер ресурстарын басқару саласындағы өзара тығыз байланыстағы экономикалық, техникалық, ұйымдастыру-шаруашылық және құқықтық іс-шараларын жетілдіру негізінде барша қоғам мен жекелеген жер пайдаланушылардың мүддесі үшін жерді тиімді пайдалану мен оларды қорғауды ұйымдастыру мен қамтамасыз етудің жаңа сапасына өтуге бағдарланған.

### **3. Жер ресурстарының қазіргі жай-күйін талдау**

#### **3.1 Жер қорының жалпы сипаттамасы**

Қазақстан, аумағы бойынша Азиядағы үшінші ел, он табиғи-ауыл шаруашылығы аймақтарын қамтитын 272,5 млн. гектар аумақты алып жатыр. Далалы, құрғақ далалы, жартылай шөлейтті және шөлді төрт аймақтың үлесіне жалпы аумақтың 87,4% және ауыл шаруашылығы алқаптарының 88,3 % жатады ( 1 - қ о с ы м ш а , 1 - с у р е т ) .

Елдегі жерде болып жатқан өзгерістер жер қорын санаттар мен алқаптар бойынша бөлуде белгілі бір өзгерістерге алып келді:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамынан қордағы жерлер қатарына және өзге санаттарға 135,0 млн. га (62 %) жер ауыстырылды;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлердің ауданы 8 есе азайды;

мемлекеттік орман қоры жерінің ауданы 5,6 %-ға өсті;

су қоры жері - 4,4 есе өсті;

ауылдық (селолық) округтерге мал бағу және басқа да мақсаттар үшін қосымша жерлердің берілуіне байланысты ауылдық елді мекендер жерінің ауданы 11 есе өсті. Олардың ауданы 20,4 млн. га, оның ішінде қалалар мен кенттердің жері - 1,9 млн. га, ауылдық елді мекендердікі - 18,5 млн. га құрады; реформаланған ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бөлінбеген

жерлерінің, сондай-ақ өнеркәсіп және ауыл шаруашылығына арналмаған, пайдаланылмай жатқан ауданы 100 млн. гектардан астам өзге де жерлер қордағы жердің құрамына шығарылды. Нәтижесінде республикада қордағы жерлердің ауданы 6 есе өсті (1-қосымша, 2-сурет, 1-кесте).

Қазақстан Республикасының жер қоры өзінің табиғи ерекшеліктеріне қарай, негізінен, ауыл шаруашылығы алқаптарынан тұрады (81,7%), орман алқаптары мен ағашты-бұталы екпелер республиканың жер қорының құрылымында бар-жоғы 5,3%-ды, су мен батпақ астындағы жерлер - 3,2%, басқа алқаптар жалпы жер алаңының 9,8%-ын құрайды.

Республиканың жер қорының 81,7%-ын ауыл шаруашылығы алқаптары алып жатыр, олардың ішінде шөлді және жартылай шөлді типтегі жайылымдар басым (84,9%), ал егістік 10,2%-ды құрайды.

Республиканың ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің үлес салмағы 38,5%. Ауыл шаруашылығы алқаптарының елеулі ауданы босалқы жер қорының (50,6%), елді мекендердің (8,6%), орман қорының (3,6%) құрамында орын алады.

Тәлімді (суарылмайтын) егістіктің 70%-ынан астамы үш облыстың - Ақмола, Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облыстарының үлесінде; суармалы егістіктің 60,7%-ы Алматы мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында, ал жайылымдардың неғұрлым үлкен ауданы Қарағанды мен Ақтөбе облыстарында, тиісінше: 35,5 млн. га (18,8%) және 25,5 млн. га (14,1%) шоғырланған.

Реформа жылдарында ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымындағы егістікте айтарлықтай өзгерістер болды. Егістікте өңделген жердің 12,8 млн. га (1/3 шамасында) айналымнан шықты.

Қазіргі кезде республикада көп жылдық екпелер 121,8 мың гектарды, оның ішінде: бақтар - 97,6 мың гектар, жүзімдіктер - 13,7 мың гектар жерді алып жатыр. Жер реформасы жылдары көп жылдық екпелер ауданы 41,4 мың гектарға немесе 25%-ға, оның ішінде есепті жылда - 1,2 мың гектарға кеміді.

Шабындықтардың ауданы есепті кезеңде 5,0 млн. гектарды құрайды, оның ішінде: 62,4 мың гектары - жақсартылған, 731,8 мың гектары - көлтабанды суармалы жерлер.

Республикада алқаптардың негізгі түрі болып жайылым табылады. Олар ауыл шаруашылығы алқаптарының 189,0 млн. гектарын немесе 84,9%-ын алады. Жайылымдардың жалпы ауданының 116,9 млн. гектарын немесе 61,6%-ын суландырылатыны, 4,8 млн. гектарын немесе 2,6%-ын - жақсартылғаны құрайды. Республиканың жер қорының 49,7 млн. гектарын немесе 18,3%-ын ауыл шаруашылығына арналмаған алқаптар алады (1-қосымша, 3-сурет, 2, 3, 4-кестелер).

Республикада жер реформасын жүргізу мемлекеттік монополияның жойылуына және жерге жеке меншік құқығының бірте-бірте таралуына алып келді. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігінде жалпы көлемі 589,9 мың гектар 3 миллионнан астам жер учаскелері бар.

Республиканың жер ресурстары, оларды ұтымды пайдаланған және жақсартқан жағдайда ішкі және экспорт сұраныстарын қанағаттандыратын көлемде әртүрлі өнімдер өндірісін қамтамасыз ете алады.

### **Күшті жақтары**

**Заңнамалық қамтамасыз ету.** Республикада өндіріс салаларының нарықтық экономикаға өту жағдайлары мен процестерін ескере отырып жер қатынастарын кезең-кезеңмен құқықтық реттеудің қажеттілігіне қарай, жер заңнамасы дамып, ж е т і л д і р і л і п о т ы р д ы .

Жер қатынастары мен жер реформасын заңнамалық қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Заңдары мен Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлықтары қабылданды.

Қазақстан Республикасының Заңдары:

1998 жылғы 31 наурыздағы " Шаруа (фермер) қожалығы туралы " ;

2001 жылғы 24 қаңтардағы N 152-II-ҚРЗ " Жер туралы " (күші жойылды);

2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 II ҚРЗ " Жер кодексі " .

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары:

1995 жылғы 12 мамырдағы N 226д "Қазақстан Республикасы Президентінің жер қатынастарын реттейтін Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу т у р а л ы " ( к ү ш і ж о й ы л д ы ) ;

1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 " Жер туралы " (күші жойылды);

1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы";

1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2723 " Жылжымайтын мүлік ипотекасы т у р а л ы " .

Аграрлық сектордағы жер қатынастарын реттеу үшін және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді тиімді пайдалану дәлелдемесін нығайту мен бастапқы жер пайдаланушыға капитал (инвестициялар) салу, сондай-ақ жер құнарлылығын сақтау мақсатында 2003 жылғы 20 маусымда Қазақстан Республикасының Жер кодексі қабылданды. Оны іске асыру үшін нормативтік құқықтық кесімдер пакеті дайындалып және оны Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і б е к і т т і .

Жер Кодексі жер қатынастарын реттеу саласындағы маңызды заңдық кесімге айналды. Оның қабылдануымен жеке меншік құқығы институтының бұрын соңды тек мемлекет меншігінде болған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге , сонымен қатар орман және су қорының жеке учаскелеріне ықпалы тарады.



Жер қатынастары саласындағы бірқатар мәселелерді заңнамалық және нормативтік қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында көзделген.

Соңғы жылдары жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына енгізу және олардың сапалық жағдайын жақсарту жөнінде бірқатар бағдарламалар әзірленді және енгізілуде.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д. Ахметовте болған мәжілістің 2000 жылғы 2 наурыздағы N 11-8/II-284 хаттамалық шешіміне сәйкес тыңайған (пайдаланылмаған) жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына енгізу бойынша ұйымдастыру шаралары іске асырылды. Оның нәтижесінде тыңайған жерлер едәуір азайды, яғни, 2003 жылы олардың аудандары 5686,7 мың гектарға қысқарды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 Жарлығымен бекітілген "2005 жылдың соңына дейін Каспий теңізінің Қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасында" экожүйелер мен жер ресурстарына залал келтірместен көмірсутектерін өндірудің шекті мүмкін деңгейін айқындау бойынша арнайы зерттеулер жүргізу көзделеді.

Республикада Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде тауарлық жүзімдіктерді қалпына келтіру мен дамыту, шарап материалдары мен жоғары сапалы маркалы шараптар өндірісін ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылдың 12 желтоқсанындағы N 1621 қаулысымен бекітілген "Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін қалпына келтіру мен дамытудың 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасы" іске асырылып жатыр. Осы Бағдарламаның шеңберінде республикада жүзімдіктердің ауданын 15,2 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

**Жер реформасының нәтижелері.** Жердегі өзгерістер республикада жаңа жер құрылысын жасауға алып келді. Жер қатынастарының сипаттамаларындағы негізгі мәселе: жерге мемлекеттік монополияны жою және жердің кей санаттарына жеке меншік енгізу; ақылы жер пайдалануға көшу, жерді сатып алғаны және пайдаланғаны үшін төлемдер енгізу; жерде шаруашылықтың барлық нысандарының тең дамуы үшін жағдайлар жасау; жылжымайтын жер мүлігінің нарығын құру болды.

Қазіргі кезде республика экономикасының аграрлық секторындағы шаруашылықтарды реформалау процесі іс жүзінде аяқталды. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру барысында 2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 151,9 мың шаруа (фермер

) қожалықтары, 18 мыңға жуық мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, оның ішінде 3,7 мың шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар, 1,5 мың ауыл шаруашылығы кооперативтері ұйымдастырылды (1-қосымша, 4-сурет, 5-кесте).

Оларға 96,6% ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бекітіліп берілген.

Аграрлық секторға қоса елді мекендер жерлерінің, сондай-ақ өнеркәсіптік, көліктік, байланыстық, қорғаныстық және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер құрамында жаңа шаруашылық жүргізу құрылымдары қалыптасуының қарқынды процесі жүріп жатыр.

Жер учаскесі иелерінің және жер пайдаланушылардың көпшілігі жерге құқық беретін құжаттармен қамтамасыз етілген.

**Жер мониторингі** . Ғылыми-әдістемелік құжаттар шығарылды: жерлердің базалық мониторингі жүргізілуде, 288 стационарлық және жартылай стационарлық пункттерде жүйелік қадағалау қойылды және жүргізілуде; Атырау облысының мұнай кен орындарын санитарлық қорғау аймақтарының экожүйелері жергілікті мониторингінің 7 полигоны жұмыс істейді ; тұрақсыз экологиялық жағдайы бар өңірлердің (Арал өңірі, Каспий өңірі, Балқаш өңірі мен Семей ядролық сынақ полигоны) топырақ және геоботаникалық карталары, стационарлық қадағалау пункттерінің схемалары ж а с а л д ы .

Жылдар бойына жасалынған зерттеулер материалдарын қорытудың негізінде болжамдық, экологиялық, өңірлік, республикалық, облыстық, аудандық, геоботаникалық және топырақ карталары жасалды; республиканың жазық далалы, таулы, тау етегіндегі аумақтары топырақтарының жүйелік тізімдері, олардың негізгі диагностикалық көрсеткіштері, сондай-ақ табиғи азықтық алқаптар түрлерінің тізімдері мен олардың қысқаша сипаттамасы дайындалды, " Қазақстан Республикасының табиғи азықтық алқаптарының жіктемесі" әзірленді, ғылыми-әдістемелік нұсқаулар, нұсқаулықтар, көрнекі құралдар дайындалды, " Қазақстанның шабындықтары мен жайылымдарының азықтық өсімдіктері", " Қазақстан Республикасындағы жер мониторингі (даму жағдайы мен болашағы)" ж и н а ғ ы ж а р и я л а н д ы .

Қазіргі кезде "Қазақстан Республикасының зымырандық-ғарыштық қызмет әсеріне ұшыраған аумағы экологиялық жай-күйінің мониторингі" бюджеттік бағдарламасы бойынша ғылыми-іздістіру жұмыстары жүргізіліп отыр.

**Мемлекеттік жер кадастры.** Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) жер кадастрының тұтас жүйесін жасау, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жылжымайтын мүлікті тіркеу жөніндегі орталықтарымен, Қаржы министрлігімен (СТмССОТ) және басқа да мемлекеттік басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау және жұмыстарын

үйлестіру бойынша мақсатты бағытталған жұмыс жүргізілуде.

Жаңа мемлекеттік жер кадастрын (әрі қарай - Кадастр) қалыптастыруды Қазақстан Республикасы үшін бірыңғай жүйе бойынша Агенттіктің мамандандырылған мемлекеттік кәсіпорындары жүргізуде.

Республикада Кадастр мен оның инфрақұрылымдарының негізі жасалған.

Шекаралар мен есепті кварталдардың кодтарын белгілей отырып аумақтарды жер-кадастрлық аймақтарға бөлу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі кезде құқықтық және фискалдык кадастрлар үшін ақпараттарды жер кадастры жасайды. Фискалдык кадастрды жүргізудің негізі болып табылатын жер учаскесінің кадастрлық құнын белгілеу (жерге төлемдерді, ипотека мен басқа да төлемдерді есептеу) жер кадастрының құрамдас бөлігі болып табылады.

Жерді мемлекеттік кадастрлық бағалау үшін "Ауыл шаруашылығы алқаптарының кадастрлық (бағалау) құнын айқындауға арналған төлемнің базалық ставкаларын есептеу әдістемесі" (Астана қаласы, 2003 ж.) және нарық бағаларының, сондай-ақ жылжымайтын мүлікті бағалау мен Астана қаласындағы жер учаскелерін бағалау кезінде сынақтан өткен бағалық аймақтандыру әдістерінің негізінде "Елді мекендердің (қалалардың) жерін кадастрлық бағалау әдістемесі" әзірленді.

М ы н а л а р д ы :

Жер кодексінің талаптарына сәйкес атрибутивтік және графикалық жер-кадастрлық құжаттаманы, статистикалық есеп беру мен ведомствоаралық алмасудың нысанын, мазмұнын, оларды қалыптастыру тәртібі мен жүргізу әдістемесін ;

сандық және сапалық мемлекеттік есепке алуды жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде .

Аудандар мен есепті кварталдардың жер-кадастрлық карталарын компьютерлер технологиялары базасында жасау және оларды стандарттау жетілдірілуде .

Кадастрды ғылыми-әдістемелік және бағдарламалық камтамасыз ету әзірленуде .

Кадастрдың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (ЖК ААЖ) жасау және жетілдіру, ГАЖ-технологияларын пайдалана отырып сандық карталар әзірлеу оны жүргізу технологияларын дамытудың негізі болып табылады. 2002 жылдан бастап мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (әрі қарай - МЖК ААЖ) жасау мен енгізу бойынша жұмыстар басталды. Осы бағытта мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

"Бірыңғай мемлекеттік жер тізілімі (БМЖТ)", "Жер балансы", "БМЖТ базасынан құқықты куәландыратын құжаттарды қалыптастыру және басып шығару", "Жерді кадастрлық бағалау" - кіші жүйелері әзірленді;

МЖК ААЖ-ін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Салық төлеушілер мен салық салу объектілерінің тізілімі (бұдан әрі - СТМССОТ)" ақпараттық жүйесімен интеграциялау бойынша жұмыстар жүргізілуде. МЖК ААЖ-нің Республикалық орталығына осы жобаның шеңберінде компьютерлік техника қойылды, БМЖТ деректерін құру және осы деректерді СТМССОТ АЖ-не беру үшін клиенттік қосымша қойылды, Астана қаласының деректері бойынша Пилоттық енгізу мен тестілеу басталды; қажетті анықтамалықтар мен кодификаторлар әзірленуде және жасалуда.

МЖК ААЖ деректері жалпы мемлекеттік ақпараттық ресурс болып табылады және бұл деректер электронды Үкімет пен оған кіретін төрт жалпымемлекеттік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қажетті. Оларға: СТМЖМОТ, мекен-жайлық тіркелім, жылжымайтын мүлік тіркелімі мен табиғи ресурстар жатады.

**Жерге орналастыру.** Республикада жер реформасының дамуының бастапқы кезеңіндегі жерге орналастырудың ролі жерлерді қайта бөлуге келіп саяды.  
М ы н а л а р :

Халық депутаттары аудандық кеңестерінің арнайы жер қорын құру;  
ауылдық елді мекендердің шектерін (шекараларын) белгілеу;  
мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіру және мемлекет меншігінен алу процесінде жерді қайта бөлу;  
шартты жер үлестерін нақты дербестендіруді жүргізу;  
жер учаскелеріне құқық куәландыратын құжаттарды ресімдеу және қайта ресімдеу ;

шаруа (фермер) қожалықтары және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін жер учаскелері беру (бөлу) бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді .

Қазіргі кезде жерге орналастыру акценті жер кадастрын жүргізу, жердің және оған салық салудың жұмыс істеуі; жерді аймақтандыру схемаларын, жерді ұтымды пайдалану мен оны қорғау жөніндегі өңірлік бағдарламаларды, сондай-ақ ауылдық елді мекендердің жер-шаруашылық орналасуы жобаларын әзірлеу мақсаттары үшін жерді бағалауды қамтамасыз ету жағына ойысты.

**Жер пайдалану ақылылығы және экономикалық ынталандыру.** Республикада жер реформасы жылдары ішінде жер учаскелері мен жер пайдалану құқығын нарықтық жағдайларға тартуға, сондай-ақ жер нарығын дамытуға бағытталған жер қатынастары қалыптасып отыр. Мемлекеттің қатысуымен ауданы 196,8 мың гектар жер учаскелерін меншікке және жер пайдалану құқығында сату бойынша 92,9 мың операция жүзеге асырылды.

Республикада жер учаскелерін сату үшін жер аукциондары мен конкурстар өткізіледі. Жер реформасының бүкіл кезеңінде 436 конкурс және аукцион өткізілді, оларда 1311 жер учаскесі сатылды. Жерді ауыл шаруашылығына

пайдалану үшін сатудың айтарлықтай резерві босалқы жерлерде, олардағы ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы 109,2 млн. гектарды құрайды.

Ақылы жер пайдалану жүйесінің дамуына қабылданған Қазақстан Республикасының Жер кодексі ықпал ететін болады.

### **Жер ресурстарын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау .**

Республиканың жерге орналастыру қызметінің құрылымында жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау жүйесі құрылған, оның міндетіне жер, азаматтық, табиғат қорғау және жер қатынастары саласындағы өзге де заңнаманың талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кіреді.

1995-2003 жылдары ішінде Агенттіктің инспекторлық қызметі 123,4 мың тексеріс жүргізді, бұл ретте 88,3 мың рет жер заңнамасын бұзушылық анықталды .

**Жер ресурстарын басқару жөніндегі қызмет.** Республикада Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігі басшылық жасайтын жер ресурстарын басқару қызметінің тұтас вертикалды ұйымдастыру құрылымы ж ұ м ы с і с т е й д і .

"Қазақстан Республикасында жерге құқықтарды қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасы" туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2000 жылғы 16 ақпандағы N 253 қаулысын іске асыру мақсатында жерге орналастыру қызметінің өндірістік бөлімшелерін құрылымдық жағынан қайта құру жүргізілді - қазіргі "МемжерҒӨО" РМК-ның еншілес кәсіпорындары базасында аудандар мен облыстық маңызы бар қалаларда қосымша өндірістер - жер-кадастрлық филиалдар (орталықтар) құрылды.

**Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.** Жер ресурстарын басқарудың өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер мен әдістемелік әзірленімдер жүзеге асырылуда. Жер реформасы жылдарында жерге орналастыру және жер-кадастрлық жұмыстардың барлық түрлері бойынша 60-қа жуық әр түрлі әдістемелер, нұсқаулықтар мен нұсқаулар әзірленді және қазіргі кезде қ о л д а н ы с т а ж ү р .

**Халықаралық ынтымақтастық.** Агенттік көптеген елдермен, қорлармен және ұйымдармен жер қатынастары жөніндегі құқықтық экономикалық және қаржылық мәселелер және жер қатынастары, жерге орналастыру, жер кадастры, жер мониторингі, геодезия мәселелері саласында және жерді пайдалану мен қорғауға байланысты т.б. проблемалар бойынша белсенді халықаралық ын т ы м а қ т а с т ы қ жү р г і з і л у д е .

Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі Халықаралық Ғылыми Проблемалық Кеңестің мүшесі болып табылады , бұл әлемдік жерге орналастыру ғылымын, жер кадастрын дамытудың, жерді бағалаудың, геодезия мен картографияның, сондай-ақ жер қатынастарының

басқа да маңызды проблемаларының негізгі үрдістері туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

МЖК ААЖ құру шеңберінде геоақпараттық жүйелерді әзірлеу мен сату саласындағы халықаралық көшбасшы ESRI фирмасымен (АҚШ), Мәскеудегі ТМД елдерінің ГАЗ Ассоциациясымен ынтымақтастық жүзеге асырылуда.

### **Әлсіз жақтары**

**Заңнамалық қамтамасыз ету.** Қазақстан Республикасында жер қатынастары мен жер заңнамасының кезең-кезеңмен құқықтық реттелуіне қарамастан, жер қатынастарының кейбір мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді талап етеді. Атап айтқанда, Агенттіктің ақпараттық ресурстары, Бірыңғай мемлекеттік жер тізілімін жүргізу тәртібі, жерді мемлекеттік кадастрлық бағалау туралы мәселелер бойынша тиісті нормативтік құқықтық кесімдер қабылдау қажеттігі туып отыр. Оларда дәл белгіленген мақсаттар, міндеттер, базалық мәліметтердің тізбесі, оларды жинау, жаңарту мен сақтау жолдары, Кадастр жүргізетін мамандандырылған кәсіпорындар ұйымдық құрылымы мен функциясы және басқа да мәселелер көрсетілуі тиіс.

Сонымен қатар, жер туралы мемлекеттік ақпаратты қалыптастыру басқа ведомстволар, заңды және жеке тұлғалар орындайтын жұмыс материалдарын мемлекеттік жер кадастрының дерекқорына беру, сондай-ақ жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларды, оларды құқықтық тіркегеннен кейін жер-кадастрлық есепке алу тетігін әзірлеуді талап етеді.

**Жер реформасының нәтижелері.** Жерге нақты меншік иесін қалыптастыру жөніндегі оң функцияны орындай отырып, шаруа (фермерлік) қожалығын және басқа да шаруашылық жүргізу нысандарын ұйымдастыру үшін шағын жер учаскелерінің ауқымды санын бөлу арқылы ірі жер иеленушікті реформалау процесі ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігі, жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жүргізу деңгейінде теріс әсер ететін бір қатар кемшіліктері де бар.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің барлық нысандары үшін негізгі проблемалар олардың оңтайлы мөлшерлерін белгілеу, бірлестіру, аумақтарды ұйымдастыру жобаларын әзірлеу негізінде олардың инфрақұрылымдарын дамыту, ауыл шаруашылығы алқаптарын жақсарту және өңдеу бойынша техникалық-жұмыстық жобалау үшін қалыпты жағдайлар жасау болып табылады.

**Жер қорын жердің мақсатты арналу санаттары мен алқаптары бойынша бөлу.** Соңғы он жыл ішінде республиканың барлық өңірлерінде, оның ішінде анағұрлым қолайлы табиғи және экономикалық жағдайлы өңірлерде де жердің елеулі аудандары ауыл шаруашылығы айналымынан шығарылып, босалқы жерлерге берілді. Еліміздің жер қорының жартысы дерлік қазіргі кезде

Қалыптасқан жер қорын жер санаттары, жер пайдаланушылар мен алқаптар бойынша бөлу - саяси және әкімшілік-шаруашылық қызметтің нәтижесі. Ол өзін жетілдіруді талап етеді, ал атап айтқанда жерлердің құрамын, мақсатты арналу санатын экономика мен қоршаған ортаны қорғау салаларын дамыту талаптарына сәйкес келтіруді қажет етеді. Жекелеп алғанда, елді мекендердің ауқымды алаңдары, өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналды-қоймалық ғимараттар, көлік және т.б. орналасқан аумақтар тиімсіз пайдаланылуда. Орман қорының жерлерінде үлкен аудандар есепке алынған, оларда айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың объектілері орналасқан. Су асуындағы жерлердің 40 %-на жуығы (3,1 млн. га) босалқы жерлердің құрамында есепке алынған. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын жүзеге асыру ауылдық елді мекендердің жерін түзету қажеттігін туғызады.

Республиканың көптеген облыстарында неғұрлым қарқынды пайдаланылатын жерлердің аудандары қысқарды. Егістік құрамынан түсімділігі төмен жерлерді шығарумен қатар, тыңаймаған 4 млн. гектар жақсы сапалы жер ауыстырылды. Сонымен қатар, егістікте әр түрлі теріс әсерлерге ұшыраған жерлердің өзге де айтарлықтай аудандары бар.

Өзен ағысын реттеу және адамның басқа шаруашылық қызметінің салдарынан, табиғи шабындықтарды суару тәртібінің өзгеруі олардың ауданының 1991 жылмен салыстырғанда бірте-бірте 62,8 мың га-ға дейін

а з а ю ы н а

ә к е л і п

о т ы р .

Жер реформасын жүзеге асырған жылдар ішінде суармалы жерлердің жалпы ауданы 248,3 мың гектарға кеміді. Суармалы аудандардың кемуі Қызылорда, Алматы, Атырау, Павлодар, Жамбыл облыстарында байқалды (1-қосымша, б-к е с т е ) .

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитетінің деректері бойынша суармалы жерлердің жалпы ауданынан 1369 мың гектар іс жүзінде пайдаланылған, ал қалған 762,2 мың гектары тұздалған жерлерді айналымнан шығару, суару жүйесінің істен шығуы, суару үшін су жетіспеуі немесе болмауы, топырақ-мелиоративтік жағдайының және ең бастысы , қаржы және материалды-техникалық құралдардың шектеулілігі себебінен п а й д а л а н ы л м а ғ а н .

**Жердің сапалық жағдайы.** Қазақстанның барлық облыстарында дерлік жердің сапасының нашарлау үрдісі: топырақта қарашіріктің, қоректік заттардың азаюы; азықтық база потенциалының төмендеуіне алып келген өсімдіктердің түрлік құрамы мен оның түсімділігі байқалады. Ауыл шаруашылығы алқаптары

деградацияға, ластануға ұшыраған және құнарлылығын қалпына келтіру бейімділігін жоғалтуда.

Қазақстан Республикасының аумағында ауыл шаруашылық алқаптарының айтарлықтай бөлігі жердің құнарлылығына теріс әсер ететін белгілердің болуымен сипатталады:

олардың ауданының 42,3 млн. га немесе 20%-ын қиыршық тасты және тас басқан топырақтар алып жатыр; 34,1 млн. га - тұздалған;

58,9 млн. га сортаңдалған кешендері бар топырақтар және өте қолайсыз су-физикалық қасиеттерімен сипатталады;

3,1 млн. га (1,4 %) - өте ылғалданған және 0,9 млн. га (0,4 %) - батпақтанған. Батпақтанған жерлерде орташа және күшті батпақтанған жерлер көп (88,6 %).

Егістіктің, оның құнарлылығына әсер ететін белгілері бойынша сапалық жағдайының сипаттамасы егістік құрамында теріс белгілермен шиеленіспеген топырақтар егістік құрамының 14,6 млн. га немесе жалпы ауданның 64,3 %. Теріс белгілері жоқ топырақтары бар егістіктің ең жоғары үлес салмағы Қостанай (74%), Ақмола (73%) және Солтүстік Қазақстан (70%) облыстарында байқалады.

Егістік құрамында қиыршық тасты және тас басқан жерлер 1,3 млн. га (5,7%), тұздалғандары - 2,0 млн. га (8,8%), сортаңданған кешендер 2,5 млн. га немесе 11%. Қостанай облысында олар ең көп тараған (0,7 млн. га), Солтүстік Қазақстан облысында (0,6 млн. га) және Ақмола облысында (0,4 млн. га): эрозияға ұшырағандары 1,7 млн. га немесе 7,5% (1-қосымша, 5-сурет, 7-кесте).

Сапалық есепке алу мәліметтері бойынша шабындықтардың мәдени-техникалық жағдайы мынадай көрсеткіштермен сипатталады: таза - 4,4 млн. га, бұталанғаны - 130,1 мың га, орманданғаны - 7,8 мың га, улы өсімдіктер өскендері - 84,4 мың га, төмпешік басқандары - 129,7 мың га (1-қосымша 6-сурет, 8 - кесте).

Жайылымдар мәдени-техникалық жағдайы бойынша мынадай болып бөлінеді: жақсартылғандары - 4,9 млн. га, тазалары - 113,9 млн. га, төмпешік басқандары - 1,4 млн. га, бұта өскендері - 19,8 млн. га, орманданғаны - 3,6 млн. га, тас басқандары - 4,6 млн. га, қына өскендері - 7,7 млн. га, тапталғандары - 26,6 млн. га (1-қосымша, 7-сурет, 9-кесте).

Елді мекендерден отарлық және өзге де жайылымдардың қашықтығына байланысты және суландырылмауы себепті олардың үлкен бөлігі пайдаланылмайды. Суландырылған жайылымдардың ауданы республика бойынша тұрақты түрде қысқарып келеді. Көптеген суландыру құрылғылары жөндеу мен қайта қалпына келтіруді қажет етеді.

Азықтық алқаптардың, әсіресе елді мекендерге, мұнай өңдейтін жерлерге



жақын орналасқандарының экологиялық жағдайы іс жүзінде республиканың барлық өңірінде нашарлауда.

Жерлердің сапалық сипаттамасының мәліметтері бойынша су және жел эрозиясына ұшыраған ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы ауданы 30,8 млн. га немесе 14,2 %, соның ішінде егістік - 1,7 млн. га. Су эрозиясы 1 градустан төмен ылдилықты беткейлерде байқалады. Республика бойынша, жалпы алғанда, су эрозиясына 5,0 млн. га жер ұшыраған, олардың ішінде 1,0 млн. га егістік. Шайылған ауыл шаруашылығы алқаптарының айтарлықтай ауданы Оңтүстік Қазақстан облысында (1 млн. га шамасында), Маңғыстау облысында (0,8 млн. га), Алматы облысында (0,8 млн. га), Ақмола облысында (0,6 млн. га) орналасқан (1-қосымша, 10-кесте).

Ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамында азықтық алқаптардың әр жетінші гектарын эрозияға ұшыраған жайылымдар құрайды, орташа және күшті эрозияға ұшыраған жерлер 11,3%-ды құрайды (1-қосымша, 11-кесте).

Жыртылған жерлердің айтарлықтай ауданында топырақтарда қарашіріктің азаюы байқалады. Соңғы отыз жылда қарашірік түрлі топырақта 10-нан 20%-ға дейін азайды.

Қазақстан аумағының 70% шамасы әр түрлі дәрежеде шөлге айналу мен жерлердің деградациялану процесіне ұшыраған.

Арал өңірінің Қазақстандық бөлігі 59,6 млн. га жерді, соның ішінде Қызылорда, Ақтөбе, Қарағанды мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының жерлерін қамтыған. Деградацияның күшті және орташа дәрежесіндегі экологиялық апат орталығында жайылымдарын үлкен ауданы ұшыраған. Аралдың құрғап қалған түбінде құмды-сортаңдар қалыптасқан. Тозаңның таралу және жайылу аймағының ауданы 25 млн. гектарды құрайды.

Балқаш өңірі аймағында мынадай теріс процестер байқалады: тұздалу, шөлге айналу, жердің улы заттармен және ауыр металдармен ластануы.

Ластанудың қауіпті түрлерінің бірі - радиоактивтілік.

Жерлерді өндірістік объектілер мен инженерлік инфрақұрылымдарға тікелей алуға байланысты республиканың аса бай шикізат әлеуетін пайдалану соңғы жылдары қалпына келтіру қарқыны күрт қысқарған бүлінген жерлердің айтарлықтай массивтерінің қалыптасуына алып келді. Бүлінген жерлердің ауданы 171,0 мың га, соның ішінде 50,8 мың га - өңделген және қайта қалпына келтіруге жатады.

Жерді ұтымды пайдалану мен қорғау тәртіптері орындалмастан мұнай мен газ өндіру көлемінің артуы топырақтардың мұнай химиялық ластануына алып келеді.

**Мемлекеттік жер кадастры.** Қазақстандағы реформалар басталғанда, өзге де

бұрынғы кеңестік мемлекеттердегі сияқты, жерге тек мемлекеттік меншік пен жерді ақысыз пайдалану болғандықтан, жер кадастрының мақсаттарды, міндеттері мен мазмұны социалистік жоспарлы экономиканы ақпаратпен камтамасыз етуге және ұжымшарлар мен кеңшарларға берілген жерді есепке алуға бағытталды. Жер учаскесінің жылжымайтын мүлік ретіндегі заңдық а н ы қ т а м а с ы б о л ғ а н ж о қ .

Осылайша, тәуелсіз мемлекет ретіндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастры нарықтық экономика жағдайында жаңа жер қатынастары жүйесі мен жер пайдалануға жаңа тұрғыдан келуге сәйкес, мүлдем басқа тұжырымдамалық негіздерде құрылуы және қызмет етуі тиіс. Ол жер жылжымайтын мүлігіне құқықты қорғаудың басты кепілі, жер ресурстары әлеуетін тиімді басқарудың экономикалық тетігінің негізі болуы қажет.

Республикада толық құнды МЖК жасау оны құру кезеңінде жүріп жатыр. Осы бағыттағы ғылыми-ізвестіру жұмыстары жаңа ғана басталып келеді. Ұйымдастырулық-құқықтық және қаржылық қамсыздандырудың бірқатар шешілмеген мәселелерінің, төмен техникалық жабдықталудың, жаңа технологиялардың жеткіліксіздігінің болуы әлемдік стандартқа жауап беретін жер кадастрының бірыңғай ақпараттық жүйесін жасауға кедергі жасап отыр.

**Топырақ бонитировкасы.** Өткен ғасырдың 70-80 жылдарында суландырылмаған және суландырылған жерлер бонитировкасы бұрынғы N 1:25 000 - 1:50 000 ескірген зерттеу материалдары негізінде жүргізілгендігін а т а п ө т у қ а ж е т .

Қазіргі кезде қолданылып жүрген топырақ бонитировкалау әдістемесі топырақ құнарлылығы мен дақылдардың арасындағы тікелей тәуелділік негізінде таңдап алынған жартыметрлік қабаттағы қарашірік көлемі бойынша ғана негізгі бағалау баллын алуды қарастырады. Тәжірибеде бұл әдістеме топырақты жылдам және шамалап бағалау үшін қолданылады.

Нарықтық экономика жағдайында ол мүлдем жан-жақты емес және оны жер салығы мен жалдау ақысының нормативтерін әзірлеуде қолдану күмән тудырмайды. Бұдан басқа, бонитировкалау шкаласы әр түрлі топырақ-климаттық жағдайлары бар Қазақстан сияқты ел үшін бірыңғай болуы мүмкін емес.

**Жер мониторингі.** Қазақстанның жер қорында табиғи ерекшеліктерінің болуы себепті теріс белгілерімен күрделіленген үлкен жер көлемдері бар. Жерге антропогендік әсердің өсіп келе жатуы, кей кезде оған әсер ету шегінен шығып кетуі теріс әсер етеді, жиі оның жағдайын қалпына келтіруге келмейтін өзгерістерге алып келеді. Ол гумус мөлшерінің төмендеуінен, құнарлы заттар балансының бұзылуынан, дефляция мен су эрозиясының дамуының қарқындылығынан, қайта тұздануға, химиялық ластануға және жердің басқа да деградацияға ұшырау процестерінен көрінеді.

Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу үшін ауыл шаруашылық өндірісін, жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғауды, алынатын өнімдердің және тұрғындардың өмір сүруінің экологиялық қауіпсіздігін жоспарлау мен басқару саласындағы бірқатар проблемаларды шешу үшін мемлекеттік басқару органдарында, жер иелері мен пайдаланушыларда жерлер жағдайы туралы, оларда болып жатқан өзгерістер туралы, олардың әрі қарай дамуын болжау туралы толық және жан-жақты ақпараттар болуы қажет, басқаша айтқанда, нарықтық экономика талаптарын қанағаттандыратын жер мониторингі болуы к е р е к .

Жер мониторингінің мазмұнының топырақ, агрохимиялық және геоботаникалық зерттеулер, стационарлық пункттердегі жүйелі түрдегі бақылаулар (стационарлық және жартылай стационарлық экологиялық алаңдар, полигондар, кескіндер), сызықтық және көлемдік түсірістер, іздестірулер, басқа да м а т е р и а л д а р қ ұ р а й д ы .

Жер мониторингін жүргізуге қазіргі қолданылып жүрген тұрғыдан келуде агроэкологиялық сипаттамасы бар ауыл шаруашылығы дақылдары мен өсімдіктер үшін жарамдылығының және ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігіне әсер ететін табиғи факторлардың орнына топырақтар мен өсімдік жамылғысының сипаттамасы мен сапалық құрамын анықтауға айрықша бөлінді. Сонымен қатар, республика жерінің жартысынан астамы сапалы жоспарлы-картографиялық, топырақ және басқа да зерттеу материалдарымен, мониторинг мәліметтерімен қамтамасыз етілмеген. Осы проблеманы жер үсті әдістерімен және осы жұмыстарды жүргізудің ескірген технологиялары бойынша ш е ш у м ү м к і н б о л м а й о т ы р .

Жоспарлы-картографиялық материалдармен қамтамасыз етілуді талдау соңғы 15 жыл ішінде топырақ және геоботаникалық іздестірулер мен жұмыстарды жаңарту бойынша көлемдері жер кадастры мен жер мониторингінің қорының ақпараттық базасын қамтамасыз етуге жеткіліксіз.

Жоспарлы-картографиялық материалдардың сараптамасы, соңғы 15 жыл ішіндегі жер кадастрының ақпараттық қоры мен жер мониторингі бойынша ақпараттық қорды қамтамасыз ету кезіндегі геоботаникалық және топырақ зерттеулерінің жеткіліксіз екендігін көрсетіп отыр. Сонымен қатар, бұл зерттеулердің материалдары 1954 мен 1987 жылдарда жасалғандықтан, бұл материалдар жаңартуды қажет етеді.

Тұрақты бақылау пункттерінің қазіргі аумақтық-аймақтық торы жеткіліксіз. Жер мониторингін жүргізетін министрліктер мен ведомстволар қызметтерінің бағыты қажетті түрде келісілмеген.

Жоспарлы-картографиялық материалдармен қамтамасыз етілуіне жасалған талдау көрсеткендей, оларды жаңарту жөніндегі топырақ және геоботаникалық

зерттеулер мен жұмыстардың көлемі соңғы 15 жыл ішінде жер кадастры мен мониторингінің қорлық ақпараттық базасын қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз екендігін көрсетіп отыр. Бұдан басқа, осы зерттеулердің материалдары 1954 және 1987 жылдар кезеңінде орындалған және жаңартуды қажет етеді.

Стационарлық қадағалау бекеттерінің қазіргі бар аумақтық-аймақтық торабы жеткіліксіз. Республикада жер мониторингін жүргізетін министрліктер мен ведомстволардың қызметтерін тиісті үйлестіру жоқ.

**Жерге орналастыру.** Жер реформасы процесінде мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жерлерін қайта бөлуге байланысты жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау проблемаларын шешуге жеткілікті назар аударылмады - аумақтарды аймақтарға бөлу, жоспарлау және ұйымдастыру жөніндегі жұмыстар жүргізілмеді. Сондықтан жаңадан құрылған ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің жер пайдалануларын құру ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етулерсіз, жерге орналастыру схемалары мен жобаларын әзірлеусіз жүргізілді.

Жер реформасының одан әрі дамуы жер ресурстары әлеуетін пайдаланудың және оларды қорғаудың тиімді тетігін іске асыру қажеттілігімен байланысты.

Осы міндетті шешудің нақты жолы Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көрсетілген. Жер кодексінің баптары (139 және 149, 3-т.) оңтайлы жер пайдаланудың экологиялық нормативтері мен экологиялық бағдардағы сәйкестендірілген жер пайдалануды ұйымдастыруды практикаға енгізуді талап етеді. Осы проблемаларды іске асыру алдыңғы қатарлы жобалау технологиялары тұжырымдамасын әзірлеудің, ғылыми, әдістемелік, ақпараттық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді талап етудің қажеттілігін білдіреді.

Қаралып отырған проблема егіншіліктің сәйкестендірілген ландшафтық жүйесінің, экологиялық бағыттағы жер пайдалануды құрудың, республиканың тұрақты дамуы мен халықаралық астық нарығына шығуының негізі ретінде Қазақстанның астық егетін өңірлері үшін айрықша өзектілікке ие.

**Жер пайдалану ақылылығы және экономикалық ынталандыру.** Нарықтық экономика жер пайдалануға жаңа талаптар қояды. Нарықтық экономика жағдайында жер учаскелері жылжымайтын мүлік объектісі болуда, яғни жердің жылжымайтын мүлік объектісі ретінде құны болуы керек.

Ақысыз жер пайдаланудан ақылыға өту жерге ақы төлеудің барлық түрлерін әзірлеуді, анықтауды және белгілеуді қамтиды. Оның негізгі нысандары: жер салығы, жалдау ақысы, жер учаскесіне құқық беру үшін төлем, басқа мақсаттарға арналған ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді алғандағы ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу нормативі болып табылады.

Республикадағы жерге салық салу жүйесі жетілдіруді талап етеді.

Әлемдегі экономикалық дамыған елдердің көпшілігінде (АҚШ, Канада,

Германия, Франция және тағы басқалар) жерге салық салуда оның құнын негізге ала отырып, басқа да кез-келген жылжымайтын мүлікке салық салудағы қағидаттар қолданылады. Жер салығы мен жал ақысының ставкасы жердің нарықтық бағасына қарай, ал жер нарығының жеткіліксіз дамуы жағдайында - жер учаскесінің кадастрлық құнына қарай белгіленеді.

Жер нарығы, әсіресе ауыл шаруашылық жерлерінің нарығы Қазақстанда кең дамымаған және нарықтық бағасы әлі қалыптаспаған. Жер салығын есептеу үшін алғашқы база жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны - бұл Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген, түзету коэффициенттері қолданылған базалық ставкалар арқылы есептелген құнының көрсеткіші болуы керек.

Жер учаскесінің барлық сипаттамаларын ескеретін базалық ставкалар мен түзету коэффициенттері негізінде жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құны ауыл шаруашылық мақсатындағы және өзге де санаттардағы жерлерді өңірлер, облыстар, алқаптар түрлері, топырақтар типтері мен кіші типтері бойынша дифференцияланған жер салығын есептеу үшін негіз болуы тиіс.

Жерге салық салу жүйесін жетілдіру үшін бағалық аймақтарға сәйкес жер-салық аймақтарын дәл құру және жер учаскесінің кадастрлық құнының пайызындағы жер салығы ставкасының негіздемесі қажет.

Жерлерді ластанудан және ұтымсыз пайдаланудан экономикалық қорғаудың қазіргі жүйесі жеткіліксіз қолданылмауда, сондай-ақ жерлерді, ұтымды пайдалануды экономикалық ынталандыру шаралары көзделмеген.

Ақысыз жер пайдаланудан ақылы жер пайдалануға көшу жердің жылжымайтын мүлік ретіндегі бағасын анықтаудың қазіргі заманғы әдістерін зерделеу мен талдауды, ақылы жер пайдалану тұжырымдамасын, бағалық аймаққа бөлу мен ренталық көзқарас негізінде ауыл шаруашылық алқаптарының, елді мекендер мен өзге де санат жерлерінің кадастрлық {бағалау) құнын анықтау үшін төлемнің базалық ставкаларын (нормативтік бағасын) есептеу әдістемесін өз і р л е у д і қ а р а с т ы р а д ы .

Жерге экономикалық төлем жүйесі арқылы жер ресурстарының әлеуетін тиімді пайдалану Қазақстанның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның жаңа деңгейге шығуына ықпал етеді және еліміздің индустриялық-инновациялық дамуы көзделген шараларына және бағыттарына с ә й к е с к е л е д і .

**Кадрлық қамтамасыз ету** . Агенттіктің аумақтық органдары, сондай-ақ құрылып жатқан инспекторлық жер қызметі үшін штаттық бірліктерді ұлғайту проблемасы өзекті болып отыр.

Қазіргі уақытта, жерге орналастыру және жер-кадастрлық жұмыстарының өскен көлемін орындау, мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру, сондай-ақ жер ресурстарын және жаңа технологияны

қашықтықтан зерделеу әдістерін жан-жақты дамыту, картографиялау, жер мониторингін жүргізу үшін кадр қажеттілігі толығымен қанағаттандырылмайды. Бұл жұмыстар - жер ресурстарын басқару; жер құқығы; жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (ААЖ - технологияларының негізінде); жерді кадастрлық бағалау, қашықтықтан басқару әдістерінің негізінде жерді зерделеу, картографиялау және мониторингін жүргізу, аумақтарды ландшафтық-экологиялық көзқарас негізінде жоспарлау жөніндегі тиісті мамандармен қамтамасыз етілуге тиіс.

### **3.2. Жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау проблемалары**

#### **3.2.1 Проблеманы шешудің шетелдік тәжірибесін талдау**

Жер мәселесі кез-келген мемлекеттің саясатында, экономикасында, экологиясында және әлеуметтік саласында басты болған және болады да - ол тек ұлттық деңгейдегі емес, сонымен қатар ғаламдық масштабтағы проблема. Сондықтан қазіргі уақытта әлемде жерге барлық байлықтың көзі, құнды табиғи ресурс және өндіріс факторы ретінде ерекше назар аударылып отыр.

Бұрын жерді пайдалануға деген көзқарас ресурс және резерв ретінде туындады және қарастырылып келді. Дегенмен, соңғы жүзжылдықтағы жер пайдалану проблемалары мен болашаққа болжау адамзатты жерге деген көзқарасын өзгертуіне мәжбүр етті. Мәселе әлемдік жер пайдалануда халықтың жермен қамтамасыз етілуі құнарлы жерлердің ауыл шаруашылықтық емес мұқтаждарға бөлінуі, эрозиясы, деградациясы мен жерлердің шөлейттенуі себепті бірте-бірте қысқарып келеді. Соңғы жылдары жер пайдалану проблемаларын қоса алғандағы, ғаламдық сипаттағы проблемаға арналған бірқатар тұжырымдамалар әзірленді. Осы тұжырымдамалардың негізгі қорытындылары жер ресурстарының шектеулілігі мен күтілетін халық өсімімен және сонымен байланысты жермен қамтамасыз етілуінің төмендеуі арасындағы қарама-қайшылық, ХХІ ғасырдың ортасына қарай ғаламдық дағдарысқа әкелуі м ү м к і н .

Жоғарыда аталған объективтік себептер жер ресурстары әлеуетін ұтымды және тиімді пайдалану мен жерді қорғау проблемаларын неғұрлым белсенді шешу қажеттігін алға тартады.

Осының куәсі барлық дамыған шет елдерде (АҚШ пен Канада, ЕО мемлекеттерінде) жер ресурстарын басқару ХХ ғасырдың соңғы жиырма бес жылы ішінде жер ресурстары әлеуетін ұтымды пайдалану мен қорғауға бағытталған мемлекеттік жер саясатының, жер қатынастарын реттеудің негізгі құралы болды. Оның басты элементтері ретінде автоматтандырылған жер кадастры, жер мониторингі, жер пайдалану ақылылығы мен жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды жоспарлау қарастырылды.

**Жер кадастры.** Шығыс және Батыс Еуропа елдерінің, басқа да дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, олардың жер кадастрлары мен оларды тіркеу жүйелері ұзақ уақыт ішінде дәстүрлі әдістерді қолдана отырып, қағаз жеткізгіштерде және деректерді кейіннен автоматты түрде өңдеу арқылы қ ұ р ы л д ы .

Компьютерленген көп мақсатты кадастр - ол салыстырмалы жаңа технология, жер ресурстары мен жерге құқық туралы мәліметтерді тиімді өңдеуді қамтамасыз етуге арналған маңызды құралдардың бірі. Әлемде осындай модель жасаудың екі көзқарасы бар: интеграцияланған кадастрлық жүйелер (кешенді жүйелер) және ведомстволық жүйелер (қос жүйе). Бірінші нұсқада бір базалық кадастрлық жүйе шеңберінде құқықтық, фискалдық және көп мақсатты блоктар - оның құрамдас бөліктері ретінде біріктірілген. Қос жүйелерде жерді пайдалану құқығын және жерге деген құқықты тіркеуді заңгерлер жеке шешеді. Кадастрлық істер жеке жер-кадастрлық жүйеде қалыптастырылады. Бұл артық қаржы шығындарының және жер ресурстарын басқарудың анағұрлым күрделі тетіктерінің пайда б о л у ы н а а л ы п к е л е д і .

Бірінші көзқарас анағұрлым перспективалы. Оның оң жақтары: жерді және жылжымайтын мүлікті басқару мәселелерін кешенді шешу мүмкіндігі; интеграцияланған кадастрлық жүйенің таралуына шығатын жиынтық шығындарды неғұрлым азайту; бірыңғай база жасаудың ұтымды жағын қарастыру және т.б. Мұндай көзқарасқа Батыс Еуропаның неғұрлым дамыған елдері талпынуда, Ресей Федерациясы да осы жүйеге көшуде.

Реформа жылдарында Республиканың МЖК жүйесінде шетелдік тәжірибені енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді. Бірақ ол, ең бастысы жерге құқықты мемлекеттік тіркеуді МЖК-ның бірыңғай көп мақсатты жүйесінен алшақтатуға бағытталған. Шетел тәжірибесі көрсеткеніндей, батыс елдерінде көп мақсатты кадастрлық жүйелер қызмет етуде, ал олар жоқ елдерде, оларды құруға талпыныс б а й қ а л а д ы .

Қазіргі уақытта нарықтық экономикалы елдер мемлекеттің бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру үшін ақпараттық жер жүйелерін (АЖЖ) әзірлеуде. Осындай жүйелерді құрудың артықшылықтары бұрыннан белгілі, бірақ соңғы кездері мәліметтерді жинау мен сақтау мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейткен компьютерлік және спутниктік технологиялардың қарқынды дамуына б а й л а н ы с т ы а й қ ы н д а л а т ү с т і .

Ақпараттық жер технологиялары саласында интеграциялау процестері жалғасуда. Осылайша, Еуропалық Одақ елдерінде осы қоғамдастықтың бірыңғай АЖЖ-ны құру бойынша жұмыстар басталды. Еуропалық Одаққа қатысушы елдердің өкілдері жер туралы ақпарат олардың қызметі мемлекет шекараларына тәуелсіз жүзеге асырылатын жалпы жер нарығының жұмыс істеуі үшін қажет. Ол

, сонымен қатар қоршаған ортаның жай-күйін бақылауды жүргізу үшін, статистикалық қажеттіліктер үшін, бірыңғай ауыл шаруашылығы саясатының шеңберінде субсидиялар беру жүйесін басқару мақсаттары үшін қажет.

Бұл үрдістер Мемлекеттік жер кадастры моделін ғылыми-әдістемелік негіздеу тұжырымдамасын әзірлегенде де ескерілмеуі мүмкін емес.

**Жер мониторингі.** Әлемдік тәжірибеде жер мониторингі жоғары шешуші мүмкіндікпен қашықтықтан бағдарлау деректерінің негізінде іздестірудің, ГАЖ-жүйелерін қолданудың осы заманғы әдістерін, қоршаған орта компоненттерінің ластануының барлық түрлерін талдауға мүмкіндік беретін осы заманғы химиялық-талдау құрылғыларын пайдалануға деген үрдіс бар. Жер мониторингін басқару тәжірибесі әрқилы және елдің ерекшеліктерімен белгіленеді.

**Жер пайдалану ақылылығы.** Нарықтық экономикалы елдерде ақылы жер пайдаланудың негізгі тетіктеріне мыналар жатады: жердің нормативтік бағасы, жер учаскесінің (жер пайдаланудың) кадастрлық немесе нарықтық құны, жер салығы, жал ақысы, кепіл және де жердің нарықтық айналымының басқа да тетіктері.

Ауыл шаруашылық өндірісінде жерге ақы төлеу мынадай қағидаттарда құрылған:

- топырақ құнарлығының кеңінен орнын толтыруды қалпына келтіру мен жүзеге асырудың экономикалық жағдайларын қамтамасыз ететін;
- жер ресурстарын ұтымды пайдалануды ынталандыратын;
- нарықтық типтегі ауыл шаруашылығы шаруашылық жүргізуші субъектілердің әр түрлі нысандарының дамуы үшін тең экономикалық жағдай жасайтын.

Толыққанды жер нарығы жұмыс істейтін елдерде жер үшін бағаның екі нысаны бар: нормативтік және нарықтық. Жердің нормативтік бағасы тұрақты ақпараттық база негізінде есептеліп, ауыл шаруашылық алқаптарының құнын есепке алуға байланысты және басқа да мақсаттар үшін жер айналымы нарығында жер құнының алғы деңгейі ретінде қолданылуы мүмкін. Нарықтық баға ауыл шаруашылық өндірісі экономикасында теңдікке жету деңгейінің, сұраныс пен ұсыныстың арақатынасының әсер етуінен құралады. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, жердің нормативтік бағасының шамасы, әдетте, жер учаскесінің нарықтық бағасының 70 пайызынан кем болмайды.

Әлемдік тәжірибеде жер жылжымайтын мүлігін бағалау үшін үш әдістемелік көзқарас қолданылады: шығынды; жер учаскелерін сатуды тікелей талдау; табысты (табысты капиталдандыру).

Халықаралық тәжірибеде ауыл шаруашылық өнімдерін сатудан түсетін кіріс бойынша жерді бағалау әдісі неғұрлым кең тараған.



Осы заманғы жер қатынастарын талдау инвестициялық жобалар негізінде жүргізілетін девелопмент (жақсарту) арқылы жердің құндылығын тұрақты көтеру әлемдік алдыңғы қатарлы үрдіс болып табылатындығын көрсетті. Осылайша, жер ипотекадан шығатын кепілге берілетін құнды қағаздар арқылы өзінің қаржылық мәнін іске асыратын инвестициялық ресурс болып келеді.

**Аумақты ұйымдастыру.** Нарықтық экономикалы елдерде аумақтық жоспарлау осы заманғы технологияларды - географиялық ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, ландшафтық жоспарлау әдістемесіне бағытталған. Ландшафтық жоспарлау тұрақты даму тұжырымдамасын іске асыруда экологиялық бағытталған жер пайдалану үшін тиімді құрал ретінде қарастырылады.

Әлемдік тәжірибеде осы күні бар аумақтық жоспарлау жүйелерінің барлық түрлерінің ішінде модель ретінде Германияда іске асырылып келе жатқан ландшафтық жоспарлау қарастырылады. Осы күні Қазақстанда да және ТМД елдерінде де не мазмұнды, не әдістемелік, не рәсімдік аналогтар жоқ екендігін айта кету керек.

### **3.2.2 Проблеманы шешу жолдары**

Сарапшылардың түсінігінше Қазақстан ұланғайыр жер ресурстарына ие бола отырып, жер-ресурстық әлеуетін пайдалануға түсіністікпен қарауға, еліміздің нарықтық экономика жағдайына көшуіне байланысты жер қатынастары мен жер реформасындағы түбегейлі өзгерістер мен әлемдік тұжырымдамалық ережелерді ескере отырып, жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау стратегиясын әзірлеуі қажет.

Нарықтық экономика жағдайында жер ресурстарын басқару жер қатынастары жүйесінің социалистік моделіне қарағанда қағидаттық ерекшеліктері мен жолдары бар. Кеңес өкіметі кезінде жер мемлекеттік меншікте болды. Жер қатынастарының тек бір ғана нысаны танылды - жерді пайдалану. Жер пайдаланушыларға тегін берілді, салық салынбады, жер учаскесі жылжымайтын мүлік мәртебесіне ие болмады, жерді жалға беруге тиым салынды. Осылайша, жерге меншіктің, жер пайдалану ақылылығының құқықтық мәселелері, жердің азаматтық және нарықтық айналымы социалистік жер заңнамасында дамуын таппады.

Жоғарыда аталған объективтік факторлар өзге де әдістемелік негізде іздестірулер жүргізу жолымен жер ресурстарын басқару қағидаттары мен әдістерін, олардың ғылыми-әдістемелік негіздемесін түбегейлі өзгерту және оларды ғылыми-әдістемелік негіздеу қажеттігін алға тартады. Ғылыми-әдістемелік және технологиялық жағынан жетілдіріліп және жер реформасын жүргізу жылдарында өндіріске енгізіліп жатқан жер ресурстарын басқарудың негізгі элементтеріне мыналар жатады: ГАЖ-технологиялардың негізінде жаңа жер кадастрын құру мен жүргізу; ақылы жер пайдалануға көшу,

нарықтық жер айналымы мен жерге төлемдерді қалыптастыру, жер мониторингі мен жерге орналастыру. Жаңа жағдайда республикада жер ресурстарын басқаруды әрі қарай жетілдіру аумақты ұйымдастыруға ландшафтық-экологиялық көзқарасты іске асыру, компьютерлік картографияны, өңірлік-талдау тәсілдерін және мәліметтерді алу әдістерін, қашықтықтан бағдарлауға негізделген географиялық ақпараттық жүйелерді (ГАЗ) пайдалану негізінде картографиялық ақпаратты сандық өңдеу әдістерін қолдану негізінде

м ү м к і н .

Ғылыми бағдарламаның жоғарыда аталған блоктарының әрқайсысы кез келген мемлекетте жетілдіруді, іздестірулер мен олардың нәтижелерін жерді пайдалану кезінде қолдануды талап ететін жеке тақырып болып табылады.

Республиканың жер ресурстары әлеуетін ұтымды пайдалану мен қорғау мынадай объективтік қажеттіліктерді тудырады:

көп мақсатты жер кадастры тұжырымдамасын, қағидаттарын, міндеттері мен мазмұнын, жер туралы мемлекеттік ақпараттық жүйе негізі ретінде, оның құрылуы мен қызмет етуінің әдістемесін ғылыми негіздеу;

атрибутивтік және графикалық жер-кадастрлық құжаттамаларының мазмұны мен олардың нысандарын жүргізу тәртібін жетілдіру;

топырақ, топырақ-мелиоративтік және геоботаникалық зерттеулер материалдарының жаңартылуы;

мониторинг, қашықтықтан бағдарлау негізінде жерлерді зерттеу мен картографиялау әдістерін жетілдіру; топырақты бонитировкалау; жердің барлық санаттары, сондай-ақ жерлерді мемлекеттік сандық және сапалық есепке алу үшін рентокұраушы факторларды пайдалана отырып, жерлерді мемлекеттік кадастрлық бағалау;

ландшафтық көзқарас негізінде алдыңғы қатарлы технологияларды алдын-ала қолдану, ғылыми, әдістемелік, ақпараттық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету тұжырымдамасын әзірлеу.

Іздестірулер, әзірленген технологиялар мен олардың әдістері, басым блоктардың әрқайсысының, атап айтқанда мемлекеттік жер кадастрының, мониторингтің, жерге орналастыру мен жер пайдалану ақылылығының әдістері мен нормативтері инновациялық көзқарасқа негізделген, нәтижелері мемлекеттің экономикалық көрсеткіштерін жақсарту бойынша нақты тетік болып табылады және "Еліміздің индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясына", Мемлекеттік агроөнеркәсіптік бағдарламаны және ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына тікелей қатысты. Сонымен қатар, олар республиканың жер ресурстарын басқаруды жетілдіру үшін негіз болып табылады, сондай-ақ жер

реформасын тереңдетуге, жерге орналастырушы кадрларды, соның ішінде ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға оң әсер етеді.

#### 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты:

мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыру, жерге орналастыру жұмыстарын орындау тәртібі мен технологиясы, құрылымы бөлігінде Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 23 маусымдағы N 442-ІІ ЗРК Жер кодексінің 14-бабы 3) тармақшасының, 150-бабы 4-тармағының, 152 және 156-баптарының нормаларын;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің:

жер реформасын жүргізу, оның ғылыми, кадрлық және әдістемелік қамтамасыз етілуі жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен жүзеге асыру, жерге орналастыру, геодезия мен картография жөніндегі шараларды әзірлеу мен іске асыру бөлігінде "Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы 1999 жылғы 23 қарашадағы N 1776 қаулысын;

жер-кадастрлық құжаттамалардың құрамы, мазмұны мен нұсқалары, бірыңғай мемлекеттік жер реестрін қоса алғанда, оларды жүргізу бөлігінде "Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 20 қыркүйектегі N 958 қаулысын;

"Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 990 қаулыларын және нарықтық экономика жағдайында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқа да іс-шаралармен кешенді жерді ұтымды пайдалану, топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру, жер ресурстарын қорғау бөлігінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінің іске асырылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Алға қойылған мақсаттарға жету үшін Бағдарламада мынадай міндеттерді шешу көзделген:

топырақ құнарлылығын сақтауға және арттыруға, жердің жай-күйіне теріс антропогендік әсерді жоюға бағытталған жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдаланудың экономикалық тетіктерін жетілдіру;

мемлекеттік жер кадастры мен оның автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің инфрақұрылымын жасау;

жерді пайдалану мен қорғауды және жер заңнамасының сақталуын

мемлекеттік бақылауды тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету;  
жер мониторингі торабын дамыту және оның деректерінің негізінде теріс процестерді жою бойынша ұсынымдар әзірлеу;  
ақпараттарды алудың, жерді зерттеу мен картографиялаудың жаңа технологиялары мен әдістеріне көшу;  
жерді ұтымды пайдалану және қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру кезінде ландшафтық-экологиялық бетбұрысты іске асыру;  
жер ресурстарын басқару мен жер қатынастарын реттеу саласындағы ғылыми-әдістемелік, нормативтік қамтамасыз ету.

## **5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері**

Жер қатынастарын реттеу жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдер тұтастай қ а л ы п т а с т ы р ы л д ы .

Бағдарлама өзара тығыз байланысты экономикалық, техникалық, ұйымдастыру-шаруашылық және құқықтық іс-шараларды жетілдіру негізінде жерлерді бүкіл қоғам мен жекелеген жер пайдаланушылардың мүддесі үшін оларды тиімді пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру мен қамтамасыз етудің жаңа сапасына көшуге бағытталған.

### **5.1 Жер ресурстарын басқаруды жетілдіру**

**Ескерту. 5.1-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 117 Қаулысымен.**

Бағдарламада мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді жетілдіру үшін мыналар к ө з д е л г е н :

Қазақстан Республикасының 272,5 млн. га жерді, соның ішінде оларды пайдалану санаттары бойынша мемлекеттік есепке алуды қамту;

жыл сайын жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар жөніндегі жер кадастрының мәліметтерін қағаз және электронды жеткізгіштерде ж и н а қ т а у ;

2005 жылы - 59356 мың га алаңда; 2006 жылы - 62330 мың га; 2007 ж. - 65446 мың га және 2008 ж. - қалалар жерлерінде 2,0 мың га алаңда әкімшілік аудандар мен есептегі кварталдардың электрондық жер-кадастрлық карталарын жасау;

Жер кодексі мен статистикалық есеп беру талаптарына сәйкес жер-кадастрлық құжаттамасының нысандарын және олардың мазмұндарын ж е т і л д і р у ;

СТжССОТ сәйкестендірілген БМЖТ жүргізудің құжаттамасы мен әдістемесін ө з і р л е у ;

жерлерді мемлекеттік кадастрлық бағалауды жүргізу әдістемесін жетілдіру;  
паспорт беру мақсатында 4,3 млн. га алаңда, соның ішінде 2005 жылы -

1023,6; 2006 - 1074,8; 2007 ж. - 1128,5 мың га және 2008 ж. - 1128 мың га алаңда егістік топырағының бонитетін анықтау, ол аграрлық секторда шаруашылық жүргізуші субъектілердің егістігі алаңының 15,2% құрайды.

**Жер мониторингі бойынша іс-шараларды іске асыру шеңберінде:**

қажетті ақпаратты бірыңғай мемлекеттік мониторинг және табиғи ресурстар жүйесіне (БММЖТРЖ) бере отырып, 44,3 млн. га жер үшін мониторингпен қамтылады;

ведомстволық жер мониторингінің, сондай-ақ өндірістік мониторинг жүйесінің барлық кәсіпорындары мен мекемелерін енгізе отырып, геоақпараттық жүйе негізінде жер мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі құрылады;

аэроғарыштық ақпараттарды пайдаланып, жоспарлы-картографиялық негізді, базалық, картографиялық және басқа да құжаттарды жасаумен, еліміздің барлық аумағында қадағалау, зерттеу және түсіру әдістері жетілдіріледі;

техникалық құралдармен, жылжымалы экспресс-зертханалармен жабдықтау, сондай-ақ жер мониторингінің зертханалық базасын кеңейту жөнінде ұсыныс дайындалды.

**Жер ресурстарын зерттеу мен картографиялау үшін мыналар көзделген:**

сандық және электрондық тақырыптық карталарды әзірлеудің жаңа технологияларын енгізу;

барлық жер санаттарында ауыл шаруашылығы алқаптарын түгендеуді (ауылды елді мекендер аумақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде көзделген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді түгендеуден басқа) жүргізу жөніндегі ұсынысты дайындау. Осы ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы алаңының 10%-ы, атап айтқанда 14,4 млн. га бағдарламамен қамтылады;

ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде ірі масштабты: 1923,9 мың га алаңда топырақ және 3176,5 мың га алаңда геоботаникалық зерттеулерді жүргізу;

2867,2 мың га алаңда жерлерге паспорт беру мақсаты үшін топырақ материалдарын жаңарту, ол шаруашылық жүргізуші субъектілердің ауыл шаруашылық алқаптарының 3,2% құрайды;

8660 мың га алаңдағы ауыл шаруашылық алқаптарын, топырақ және геоботаникалық контурларды, яғни зерттеу көзделгендердің 83,1 %-ы;

аэрофотогеодезиялық, дешифрлеу жұмыстарды жүргізу, топографиялық және сандық карталар жасау. Осы жұмыс түрлерімен сәйкесінше: 2005 жылы - 8,6%; 2006 жылы - 8,5% және; және 2007 ж. - 7,2 % және 2008 ж. - 9,6 % ауыл шаруашылығы пайдалануындағы жер алаңдары қамтылған.

**Жерге орналастыруды жетілдіру мақсатында:**

жерге орналастырудың, жерді аймақтарға бөлудің, облыстық және өңірлік

схемалары (жобалары) және ландшафтық-экологиялық көзқарас негізінде жер ресурстарын пайдалану, жақсарту және қорғау бағдарламалары әзірленеді; қазіргі бар жер пайдаланушылықтарды құру және ретке келтіру бойынша шаруашылықаралық жерге орналастыру жобалары жасалады; елді мекендердің жер-шаруашылық орналастыру жобалары жасалған; жерге орналастыру, бүлінген жерлерді қалпына келтіру және жаңа жерлерді игеру жобаларын, сондай-ақ жерлерді пайдаланумен және қорғаумен байланысты басқа да жобалар әзірленеді.

Жерлердің мақсатты орындылығы және пайдалану режимі нақты өңірдегі ауыл шаруашылығы өндірісінің мамандандырылуын, сәулет-жоспарлау, экологиялық, санитарлық және өзге де арнайы талаптарды ескере отырып, экономикалық, табиғи және басқа да жағдайларын негізге ала отырып белгіленеді.

Негізгі назар ауыл шаруашылығына пайдалану үшін босалқы жерлерді игеруге, айрықша қорғалатын табиғи аумақтар үшін резервтік алаңдарды бөлуге аударылады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді оңтайландыру осы санат жерлерінің басымдығын, ауыл шаруашылығы алқаптары мен олардың мақсатты пайдаланылуын айрықша қорғауды сақтай отырып жүзеге асырылады.

Босалқы жерлерді, орман мен су қорының, өнеркәсіп, көлік және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлерді аймақтарға бөлу негізінде ауыл шаруашылығы мұқтаждықтары үшін беруге, елді мекендердің, табиғи-қорықтық қорлардың дамуы үшін аумақты қорландыруға және өзге де ауыл шаруашылығы өндірісімен байланысты емес мақсаттарға ұсынылатын жер аудандары бөлінеді.

Ерекше жер пайдалану жағдайы бар аймақтарда өнеркәсіптік кәсіпорындардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау аймағы, санитарлық-қорғау аймақтары, сел қауіптілігі, көшкін қауіптілігі бар аймақтары, суайдау құрылғыларын қорғау аймақтары, аэродром маңындағы алаңдар, магистральдық құбырлардың қорғау аймақтары, электр беру, байланыс желісі және су қорғау аймақтары және су объектілерінің жолақтары орнатылады.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымының оңтайлылығы ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты дамуын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы алқаптарының неғұрлым тұрақты құрамын жасауға бағытталған.

Оны іске асыру тетіктері:

олардың табиғи қасиеттеріне сәйкес ауыл шаруашылығы алқаптарын трансформациялау, бір түрден басқасына ауыстыру;

босалқы жерлерден және басқа да санат жерлерінен ауыл шаруашылығына пайдалану үшін жарамды жерлерді анықтау және игеру; егістік ауданын тыңайған жерлердің айналымына енгізу, босалқы жер мен

орман қоры жерлерінен ауыл шаруашылығында пайдалану үшін жыртылған жерлердің игеру және егістіктен түсімділігі төмен жерлерді шығару есебінен т ұ р а қ т а н д ы р у .

**Жерді ұтымды пайдаланудың экономикалық тетігі бойынша мынадай іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді:**

жерді мемлекеттік кадастрлық бағалауды жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау ;

салық салу мақсаты үшін аймаққа бөлу;  
жер учаскелеріне төлемнің қазіргі базалық ставкаларын және оларға түзету коэффициенттерін нақтылау бойынша;

Сонымен қатар мынадай тетіктер әзірленеді:  
жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға, жерді ластандырғанынан, оның құнарлылық және басқа да қасиеттерін жоғалтуынан, ауыл шаруашылығы жерлерін айналымнан шығару немесе құндылығы төмен жер санатының құрамына ауыстырудан болған залалдың орнын толтыру;  
жердің экологиялық жай-күйін жақсартқаны, оның құнарлылығын арттырғаны және экологиялық таза өнім өндіргені үшін көтермелеу.

**Жерлерді пайдалану мен қорғауды және жер учаскесінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың топырақтың құнарлылығын сақтау жөніндегі міндеттемелерін сақтауын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету мақсатында:**

жерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;  
ауыл шаруашылық мақсатындағы жер учаскелерінің паспорттарын жасау:  
шаруа қожалықтарына - 76913 жер учаскелеріне, соның ішінде 2005 жылы - 17514; 2006 жылы - 18390; 2007 ж. - 19309 және 2008 ж. - 21700 жер учаскелеріне ;

ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына - 9487 жер учаскелері, соның ішінде 2005 жылы - 3009; 2006 жылы - 3160 және 2007 жылы - 3318 жер учаскелеріне п а с п о р т т а р ж а с а у ;

ауыл шаруашылық мақсатындағы жер учаскелерін 36%-ы паспорттармен қамтамасыз ету (2004 жылы орындалған жұмыстарды ескере отырып).

Жобаларды, схемаларды, жерлерді ұтымды пайдалану мен қорғау бағдарламаларын мемлекеттік сараптауға, олардың жүзеге асырылуын бақылауға , сондай-ақ мемлекеттік жер кадастрын, жер мониторингі мен басқа да жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу тәртібін сақтауға баса назар аударылады.

**5.2 Топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру мен сақтау және жердің жағдайына теріс антропогендік әсерді жою жөніндегі іс-шаралар**

**Суармалы жерлердің алаңдарын ұлғайту.** Суармалы жерлерді, су объектілерін және су шаруашылығы құрылғыларын тиімді пайдалану мәселелері, суды пайдалануды экономикалық реттеу әдістері Қазақстан Республикасы

Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 889 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасында және Қазақстан Республикасының Су кодексінде көрініс тапқан.

**Тыңайған және бос жатқан жерлерді пайдалану.** Бұл бағыт түгендеу, топырақты зерттеу деректерінің негізінде сапасы жақсы тыңайған және бос жатқан жерлерді ауыл шаруашылық айналымына тарту, сондай-ақ жалпы алаңы 5686,7 мың га оларды ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды қамтиды.

**Мал азықтық алқаптарды жақсарту.** Қазақстан бойынша мал азықтық алқаптарды жақсарту жөніндегі жұмыстар мыналарды қамтиды:

аумақтарды ұйымдастыру және шабындық пен жайылым айналымын енгізу, түсімділігі төмен шабындықтарды және жайылымдарды түбегейлі жақсарту, сонымен қатар, суландыру құрылыстарын қайта жаңарту, шаруашылық субъектілерінің жайылымдық жерлерін, әрі қарай пайдалануға арналған резервтік жерлерді суландыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.

**Жерлердің шөлейттенуі мен деградацияға ұшырау процестерін болдырмау үшін** мыналар бойынша ұсыныстар дайындау болжанады:

ландшафттық көзқарас негізінде табиғи және экологиялық аудандастыру; шөлейттену мен деградация процестеріне ұшыраған жерлерді анықтау және оларды сапасы жағынан бағалау;

жердің шөлейттенуіне, жел және су эрозиясына қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, тұзданған және сортаңданған жерлерді мелиорациялау, аумақтарды ұйымдастыру жобаларының негізінде мал азықтық алқаптарды жақсарту;

химиялық және биологиялық әдістерді оңтайлы қолдану кезінде топырақ құнарлылығының қалпына келуін қамтамасыз ететін топырақты қорғайтын ауыспалы егіс пен жайылым айналымын игеру;

егістік жерлердегі сортаңдаған дақтарды кетіру бойынша мелиоративтік жұмыстарды жүргізу, дефляциялық қауіпті және эрозиялық қауіпті жерлерде эрозияға қарсы іс-шараларды жүргізу.

**Бүлінген жерлерді консервациялау мен рекультивациялау жобаларын орындау бойынша бақылау күшейтіледі.**

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны мен Арал өңірі бойынша проблемаларды кешенді шешу Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 тамыздағы N 182-ө өкіміне сәйкес жүзеге асырылатын болады <sup>1</sup>.

\*

-----



<sup>1</sup> \*"Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны мен Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу бойынша ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы"

### **5.3 Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралармен кешенді түрде жер ресурстарын қорғау**

**Жер ресурстарын қорғау мақсатында мыналар болжанады:**

оңтайлы жер пайдаланудың экологиялық нормативтерін жасау және тәжірибеге енгізу;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы N 1692 қаулысымен мақұлданған, "Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының 2030 жылға дейінгі даму тұжырымдамасына" сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен экологиялық коридорлар торабының одан әрі дамуы.

Орман қорының жерлерін ұтымды пайдалану мәселелері 2004-2006 жылға арналған "Қазақстанның ормандары" салалық бағдарламасының шегінде жүзеге асырылатын болады.

### **5.4 Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету**

**Мемлекеттік жер кадастры бойынша ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету үшін мыналар көзделді:**

нарықтық экономика жағдайларына, сондай-ақ өндірістік (техникалық) жер кадастрлық процесс кезеңіне сәйкес келетін құқықтық, фискальдық, сондай-ақ көп мақсатты жер кадастры қағидаттарының, міндеттемелерінің құрамы мен мазмұнының ғылыми негіздемесін;

сандық және сапалық есепке алу, бонитеттеу әдістемесін жасау, сондай-ақ жерді мемлекеттік кадастрлық бағалауды енгізу;

мемлекеттік жер-кадастрлық құжаттамалардың пакетін; аэроғарыштық түсірулердің материалдарын пайдалана отырып, кадастрлық карталарды жасау технологиясын;

пилоттық объектілерде МЖК ГАЗ жекелеген жүйелік кешендерінің технологиясын сынау мен енгізу әдістемесін әзірлеу;

жүйелі-бағытталған кешендердің технологиялық процестерін, жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру стандарттарын әзірлеуді зерттеу мен қорытуды жүргізу.

**Жер мониторингі, зерттеу мен картографиялау жұмыстары бойынша:** жер мониторингінің ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіру тұжырымдамасын;

жерлерді түгендеу мен сапалық (мелиоративтік) жай-күйінің (эрозиялық, дефляциялық процестер, ластану) әдістемесін әзірлеу;

тексерілетін аумақтардың жер пайдалану карталарын құрастыру (М 1:100000) , ландшафттық карталарды (М 1:50000) жасау, еліміздің әртүрлі табиғи-ауыл шаруашылығы аймақтарындағы өте жоғары дәлдіктегі (1:10000) жер учаскелерін картаға түсіру және кадастрлық мәліметтерді бақылау.

### **Жерге орналастыру бойынша:**

ландшафттық-экологиялық көзқарас негізінде нарықтық экономика жағдайында аумақтарды жоспарлау мен ұйымдастырудың тұжырымдамасын, қағида ттары мен әдістемесін;

ауыл шаруашылық мақсаттағы жерлердің аумақтарын ұйымдастыруды талдау мен бағалауды ландшафттық қамтамасыз ету;

